

Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 263 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 19 қыркүйекте № 36889 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

Қостанай облысы әкімдігінің
2025 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 263 қаулысына
қосымша

Қостанай облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қостанай облысының ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 221 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9897 болып тіркелген).

2. "Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 221 "Қостанай облысының ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесі" қаулысына өзгерістер

енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 228 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28210 болып тіркелген).

3. "Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 221 "Қостанай облысының ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 22 қазандағы № 474 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30309 болып тіркелген).

4. "Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 221 "Қостанай облысының ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 348 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10048 болып тіркелген).

5. "Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 221 "Қостанай облысының ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 15 мамырдағы № 199 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10207-10 болып тіркелген).

6. "Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 221 "Қостанай облысының ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 8 қаңтардағы № 1 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10353 -10 болып тіркелген).

7. "Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 221 "Қостанай облысының ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 122 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10464-10 болып тіркелген).